

Д 2007

8547к

# Нығмет ҒАБДУЛЛИН



ШЫҒАРМАЛАРЫ






# НЫҒМЕТ ҒАБДУЛЛИН



**ШЫҒАРМАЛАРЫ**



**АНА ТІЛІ**  
АЛМАТЫ  
2007



ББК 84 Қаз 7-4  
F 13

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылды*

**Ғабдуллин Н.**  
**F 13 Шығармалары.** – Алматы: «Ана тілі» баспасы,  
2007 – 304 бет.

ISBN 9965-670-60-9

Белгілі қаламгер Н.Ғабдуллиннің бұл жинағына әр жылда-  
ры жазылған повестері беріліп отыр.

Жастар өмірін арқау еткен шығармалардың оқиғасы тар-  
тымды, тілі көркем.

Көпшілік оқырманға арналған.

С 4702250201 – 07  
00(05)-07

ББК 84 Қаз 7-4


ISBN 9965-670-60-9

© Ғабдуллин Н., 2007

© «Ана тілі» баспасы

ЖШС, 2007





## АҰЫҒУ

*(Хасен деген жігіттің көңіл күйі туралы хикая)*

### БАСТАУ

**Қ**адірлі оқушым, аяулы бір жас жігіттің жай-күйін баян еткелі отырмын. Бірақ, сырды жігіттің өзі шертеді, мен оның сөзін сәл-пәл өндеп қана көшіріп берушімін. «Мұнысы қалай?» деп таңданбауыңызды өтінем, ешқандай да жұмбағы жоқ...

Әуелі ол жігіттің аты-жөнін біліңіз; есімі – Хасен. Мығым денелі, екі иығына екі кісі мінгендей, жауырыны қақпақтай сом тұлғалы азамат. Жасы жиырма бесте. Қалың қабағы, үсті дөңестеу кесек мұрны кескінін суықтау етіп көрсетіп тұрады. Бірақ кісімен сөйлескен сәтте өңі бір түрлі құлпыра құбылып, екі бетіне сүйкімді бір шұғыла ойнап шыға кеп, түсі соншалық жылы көрінеді. Жас баланың, балбыраған пішінінде көзге ыстық тартып тұратын сүйкімді бір нұр болады ғой, – дәл сондай.

Ол – ақкөңіл, ашық жігіт. Бірақ өзінің шын танып, жақсы көріп, дос тұтқан адамы болмаса, кім көрінгенге ашылып сөйлей бермейді. Ұнатпаған кісісіне сөз қатпай, үндемей де қалатын мінезі бар. Бірақ, кекшіл емес, біреуге өшігіп, қастасып көрген пенде емес.

«Ендеше оның ұнатпаған кісісі болуы қалай?» деп сауал беруге қақыңыз бар. Онда, қадырлы оқушым, менің де сізге қояр сұрағым болады. Барлаңызшы маңызды, бәрі бірдей ме төңірегіңіздегі жұрттың? Әрине, жақсылар көп. Сол көп жақсының арасында, таза егіннің ішіндегі сары ала, көк ала арам шөптей көзге түсіп, бірі әңгі, бірі содыр, бірі суайт, бірі қар-нәрсіздер де жүрген жоқ па? Қылықтарын ұнатпайсың-ақ, қастарына жуығың келмейді-ақ.

Міне, Хасен де солай ойлайтын кісі. Ол адам жаны-

ның сылдыраған таза бұлақтай мөп-мөлдiр боп тұруын ғана аңсайды. «Бар адам жақсылықты ғана көксесе, жанды жабырқататын жайсыз күйлер тумас еді-ау», – деген сөзі есіме түсе береді. Соны айтқанда өңі бозара құбылып, төмен карап, ақырын ғана күрсінген.

Иә, оның да жанын кемiрген бiр дертi бар едi. Бірақ, сөзімнің басында айттым ғой, сырын Хасеннің өзі шертсін...

Міне, менің алдымда оның өз қолымен толтырып жазған үш дәптері жатыр.

Бұл дәптерлер өртеніп кете жаздап еді, оттан аман қалуына мен себепкер болдым. Бір күні кешке таман шаруам боп, Хасеннің үйіне келсем, ол осы дәптерлерді умаждап, отқа жағып жібергелі жатыр екен. «Бү не өртегелі жатқаның?» деп, ойымда дәнеңе жоқ, білегінен жай ғана ұстай алып ем.

– Керексіз бiр жазулар, – деді Хасен.

– Қандай жазу? Кімнің жазғаны? – деп енді танданып қалдым.

– Өзімдікі, – деді ол. – Кемтар боп төсек тартып жатқанымда, қағаз бен қарындаштан басқа ермегім болмаған соң, жаралы жанымды емдеп жазғаным еді. Енді сауыққан соң түкке керегі болмай қалды.

– Қой, о не дегенің, өз сөзіңді өзің қадырсыз еткенің неткенің?! Бұл қай жазан?! – деп дәптерлерді қолынан алып, столдың үстіне апарып қойдым. Хасен үнсіз жымыды...

Сөйтіп, бұл үш дәптер оттан аман қалғанды. Құрметті оқушым, енді осы дәптерлердің беттерін ашайын...

## ХАСЕННІҢ БІРІНШІ ДӘПТЕРІ

Қорғасын секілді зілдей ойдан қайтсем арылам? Көңілімнің қамырығынан қалай айығам?..

Өзімді-өзім алдандыру үшін қолыма қарындаш пен қағаз алдым. Ал енді, сөзді неден бастасам екен?.. Әріректен қозғайын...

Тілім жаңа шығып, аяғымды апыл-тапыл басып жүрген кезім екен. Үйге келген кісілер сөзімді қызық көріп, түрлі-түрлі сұрау беріп, мені сөйлете беретін көрінеді.

– Атың кім? – дейді.

– Хасен, – деймін.  
– Әкең аты кім?  
– Қойбағал. («Р» әрпіне көпке дейін тілім келмей,  
«Л» деп жүрдім).

– Шешен аты кім?  
– Ләбиға.  
– Өскенде кім боласың? Әкең секілді жылқышы бо-  
ласың ба?

Мен басымды шайқайтын көрінем.

– Шешен секілді сиыр сауасың ба?

Мен басымды изейтін көрінем.

– Бізге сүтті көп бересің бе?

– Көп белем.

– Қанша бересің?

– Біл шелек.

– Қаймақ бересің бе?

– Қаймақты да көп белем.

– Қанша бересің?

– Біл қап.

– О, бәрекелде! Тезірек ер жет! Түйедей жігіт бол! –  
деп, сосын үлкендер мені әкеме мақтай бастайды екен.

Баласын біреу мадақтап отырғанда қуанбайтын ата-ана бола ма, әкем олардың сөзіне кәдуілгідей шалқып, тасып қалатын көрінеді. «Хасенім өскенде ел билемей-ақ койсын, тек аман-сау боп, мына өзім секілді жылқышы болса, әкесінің жолын қуса, – маған бұдан артық қуаныш жоқ! Өзге тілеуді тілемеймін де!» – дейді екен ылғи.

– Балам, өскенде өзім құсап жылқышы боласың ба? – деп менен пысықтап сұрап та отыратын. Өз арманы менің құлағымна сіңе берсін дейтін болу керек.

– Жылқышы боламын! – деймін көкірегімді қағып.

Әкем масайрай бастайды. Кейде бұ сертімнен айнып та қаламын.

– Жылқышы болмаймын. Ұшқыш болам. Танкист болам. Дәрігер болам, – деп құбылып кетемін.

Жас баланың арманы да өзінің мінезі секілді ғой. Бала деген не нәрсеге қызықса – соған ұмтылады, не нәрсеге қызықпаса – соны жек көреді. Бірақ, осы сезімі тұрақты да емес, бүгін қызықтаған затын ертең, ұнатпай қалатыны да, кеше жақтырмай кеткенін бүгін қызығып сұрайтыны да бар. Өскенде пәлен болам, түген болам дегенде, жас бала солардың бірде-бірінің мәнісіне түсініп айтпайды, тек қызығып айтады. Жасы

есейе, ақылы толыса келе ғана оның арманы мағналы болмақ. Әкем, әрине, мұны біледі ғой, сонда да, мен сертімнен әлгідей айнып қалған кезде, ол кәдуілгідей қабағы төмен түсіп, көңілі жабырқап қалатын-ды.

Әкем жылқы малын өте жақсы көретін. Жылқының қасиетін, мінезін әруақыт сүйсініп айтып отыратын. «Жылқы үні құлағыма кеп тұрмаса, көңілім алаңдап отырады», дейтін ылғи.

Бү сөзінде терең мәніс бар болатын. Ол бүкіл өмірі жылқы арасында өткен адам. Оның әкесі – менің атам да жылқышы екен. (О кісіні өзім көрген жоқпын, ертерек қайтыс бопты, әкемнің айтуынан ғана білемін).

«Ел жайлауда отырған кез екен, мен туған соң дәл бір айдан кейін анамыз кенеттен қатты науқастанып, азақ күн ауырып, дүние салыпты, – деп айтатын әкем, – сонда мені биенің сүтімен асырапты. Суық тимейтін болады деп, денемді биенің жылы сүтіне шомылдырады екен. Мойным бекіп, құйрығымнан отыруға жараған соң-ақ, әкем мені алдына ап атқа мінгізіп, жылқы ішін аралатып жүреді екен. Сөйтіп, шырағым, мен туған күнімнен бастап, жылқы исі бойыма сіңіп өскен адаммын».

Әкем он жасында кәдімгідей жылқышы атаныпты. Атаммен бірге бір байдың жылқысын бағады. Біреудің өзіне, жұртқа пайдасы жоқ малының соңынан салпақтағанның несі қызық дейсің, бейнетті көп көреді. Бірақ байға: «жылқыңды жиып ал, бақпаймын» деп кетіп қалуға болмайды, кедей адам қайда барсын, күнкөріс керек. Атам байғұс сол қайырсыз малдың соңында жүріп, бір боранда қатты суық өтіп, мұрттай ұшып ауырады да, ақыры содан оңалмай қайтыс бопты.

Қазақ кедейлері артельге ұйымдасқан жылы, әкем өзі тіленіп, колхоз жылқысын бағуға шығады. Содан бастап, өз өмірінің, ақырына дейін, жылқышының құрығын қолынан түсірген жоқ. Тек бір үш жыл ғана, онда да Ұлы Отан соғысы уақытында, жылқыдан жырақта жүрген кезі болған. Қырық бірінші жылы әскерге шақырылып, майданға кетті. Соғысқа қатнасты. Қырық төртінші жылы ауыр жараланып, бір аяғынан айрылып, (оң аяғының тізесінен төменгі жағы жоқ, протез салдырған) ауылға мүгедек боп оралды. Бірақ кемтармын деп жылы орын тілеген жоқ, қаршадайынан бауыр басқан жұмысына өзі қалап қайта шықты. «Бұрынғы сау күнің емес, жылқының соңынан күні-



түні тепектеп жүруге халің келе ме?» – деп, шешем аяп айтып көріп еді. «Қайта далаға барсам, тезірек оңалам. Жылқының кісінегені бойы-ма әл бітіреді», – деп түсіндірді әкем.

Май айының ортасы болатын. Жер көктеп, ағаштар бүршік жарып, далаға сән кірген. Бірақ қыстың сызы әлі қайта қоймаған, желдің лебі суық. Жылы киініп, қымтанып жүрмесең, қойны-қонышыңды қуалап, дененді тез тоңдырады.

– Ертең қырға көшеміз. Жылқыны жайлауға шығарамыз. Ол-пұлыңды реттеп, әзірлен, – деді әкем шешеме.

– Күн аздап жылынсын да. Өзімізге ештеме етпес, бірақ мына қара суықта далаға апарып, баланы ауырттып алармыз, – деп еді анам.

– Түк те етпейді, шынығады, – деді әкем.

Менің бұ кезде жасым алтыға толып, әр нәрсенің жайын аз-мұздап аңғара бастағанмын (өзім және намысқой болатынмын). Шешемнің ойлап тұрғанындай әлсіз еместігімді білдіргім кеп:

– Мен Әділғазы секілді нашар емеспін, мықтымын. Маған суық тимейді! – дедім. (Әділғазы деген – өзіме тете бір бала болатын, әлжуаз, арық еді, екі күннің бірінде суық тиіп ауырып қала беретін).

Сөзіме сүйсінді ғой деймін, әкем езу тартты. Әкенің жүзінен жылы шырай білінген соң тіпті көтеріліңкіреп: «Мен жылқы да баға алам! Асау атты да үйрете алам!» – дедім. Сөзіме енді шешем де сүйсінген сияқтанды. Маған жылы ұшырап қарады да: «Ертең кай шамада көшеміз?» – деді әкеме бұрылып. «Таңсәріден», – деді әкем.

Сонымен ертеңіне, бозала таңда, төсек-орын, сандық, ыдыс-аяқ секілді керек-жарағымыз артылған, пар ат жегілген жәшікті көк арба біздің, үйдің алдынан сықырлап жөнеле берді. Әкем мені өзіне қатарластырып, арбаның алдына отырғызған. Шешем бізден сәл төмендеу, жайғасқан.

Мен мәзбін, көңілдімін. Қоқиланып жан-жағыма караймын. Ондағы ойым: менің құлқын сәріден тұрғанымды, жайлауға жылқы бағуға кетіп бара жатқанымды құрбыларым көрсе екен деймін. Басты жоғары кекшитіп, мақтанбақпын. Әділғазы ұшырасса, су мұрын, қорсылдақ деп әжуалап күліп, мазақтап та кетер ем. Тек не керек, құрбыларымның бірде-біреуі көзіме шалынбағаны. Бәрі де жылы үйде, төсекте тана-

улары пысылдап ұйықтап жатса керек. Шаруа жайымен күйбендеп жүрген ерексектер ғана әр үйдің, тұсынан қараңдап көрінді. Бір-екі сабалақ ит қасымызға арсылдап үріп келді де, мені таныған соң, құйрықтарын бұлғандатып қала берді.

Ауылдың сыртындағы қара жолға түскеннен кейін әкем божыны қағып, құнтын жай ғана үйіріп еді, жегінді болған момын аттар ақырын ғана бұлкілдеп жортып кетті.

Күншығыс жақ көкжиек сарғайып, таң атып келе жатқан кездегі аспан реңі қандай әсем! Даланың таңғы тыныштығы қандай шіркін! Жаның рахаттанады, көкірегіңе күй толады.

Аттар бір қалыппен бұлк-бұлк жортып келеді. Көк арба мені бір қалыппен ақырын ғана шайқап тербен келеді. Мен, біресе, сарғайған көкжиекке, күн шапағы шашыраған сұлу аспан реңіне қызығып қараймын, біресе, алыстан бұлдыраңқырап, қарауытып көрінген шоқ-шоқ ағаштарға көз тігемін. Бозторғай шырылы құлағымға тынбай естіліп тұр. Бір сәт осы құсты көзіммен іздеп, тез көруге ынтығамын. Бірақ, даланың, кішкентай боз құсын бозғыл аспаннан көре алмаймын. «Өзі жерде, шөп арасында отырған болды-ау, сірә», – деп ойлап қаламын. «Бозторғай жерде отырып үн салмайды, биікке көтеріліп бара жатқанда ғана шырылдап әндетеді, – деп түсіндіреді әкем. Қандай әсем құс! Аспанға әнмен кетерілгенді ғана сүйеді!

Ауылдан шамасы оң шақырымдай ұзаған соң, әкем аттарды оң жағымыздан көрініп тұрған аласа тауға қарай бұрып, үстін шөп басып кеткен бір ескі сүрлеуге түсірді. Жердің жарықшағы, кедір-бұдыры көп екен, арбамыз тоңқылдап кетті. Әкем аттарды тежеп, енді аяндатып жүргізді.

Осы мимырт жүріспен аласа таудың бір қырқасына көтерілгенімізде, тура алдымыздан, еңістен, екі қоңыр киіз үй көрінді. Іргелері бір-біріне тақау қонған.

– Анау ма жылқышылардың қосы? – дедім қолыммен нұсқап.

– Иә, сол, – деді әкем.

– Біз қайсысына жайғасамыз?

– Қай босына.

– Қайсысы бос?

– Барған соң білеміз.

– Меніңше оң жақтағы киіз үй бос.

– Оны қайдан білдің? – деп күлді шешем.

– Есігінің алдында ештеме жоқ, содан білдім. Ал, анау үйдің алдында ат байлаулы тұр, және түндігінен түтін шығып жатыр.

– Сөзіңнің қисыны бар, – деді әкем.

Расында да айтқаным келді; біз жақындай бергенде, түндігінен түтін шалқыған киіз үйден ұзын бойлы, дөңгелек сұлу кара сақалды қария – Омар атай шығып, бізді қуанып қарсы алды да: «Уа, қош келдіңдер! Міне, үйлеріңді де тігіп қойдық», – деп, оң жақтағы киіз үйді көрсетті. Арбадан ырғып түсе қалып, киіз үйге лып етіп кіріп кеттім. Ішіне көз жүгіртіп жіберіп, іле тысқа қайта шықтым да, бір айналып сыртын барлап өттім. Сосын екінші киіз үйдің формасына қарап едім, бұл біздің үйден гөрі қораштау көрінді. Әрі аласа, әрі туырлығы қырық жамау, бүйірінің жыртықтарынан керегенің бастары көрініп тұр.

– Колхоздағы дені түзу киіз үй – осы екеуі. Жылқышы деп біздерге таңдап бергендегісі. Қомсынатын кез емес, соғыс уақыты, жетімсіздік дегенің толып жатыр, – деді әкеме Омар атай. (Оның жыртық киіз үйін менің іштей кемсітіп тұрғанымды сезе қойған секілді).

– Бірақ, жаз жайлауда отырғанда, жыртық-тесік болса да, киіз үйден артық баспана жоқ. Бұрынғы қазақ атаңды, қысы-жазы көшіп-қонып жүргенде де, осы үй аман сақтаған ғой, – деп сөзін салмақтаңқырап қойды.

Жүкті арбадан түсіріп, өз киіз үйімізге енгізіп жайғастырып, аттарды доғарып, – бәрін реттегеннен кейін, Омар атайдың жанында отырып, рахаттанып шай іштік.

Омар атай шай үстінде әкеме өз жағдайын әңгімеледі:

– Жас жетпіске толды, бұрынғыдан қуатым көп кеміді, көзім де нашар көреді. Бұ қарияна жылқы бағу оңай боп жүрген жоқ. Әйткенмен, тыныштық, орнап, майдандағы балалар аман-есен келгенше шыдармын... Өткен қыс қатты болды, ұйтқыған бораннан көз ашпадық. Тебіңге жылқының әлдісін ғана іріктеп шығардық. Талай ықтық. Бір жағынан боран қысса, бір жағынан даланың аш берісі де тыным таптырмады. Күндіз де, түнде де айқайлап ат үстінен түспей жүріп, шошытып мылтық атып, әйтеуір қасқырға мал бермедік. Қарауымыздағы жылқы қыстан аман шық-

ты. Қазіргі бағып жүргенім жылқының ірісі емес, уағы, кілең тай мен жабағы. Ішінде арық-тұрағы көп. Қыста қорада тұрып, шөпке жарымай, қыстан күйсіз шыққан қатпалары әлі оңала қойған жоқ. Жақсы бап керек. Жайлаудың өрісі кең болғанмен, бар жерінің шөбінің құнары бірдей емес. Сондықтан таңдап, отының жұғымы мол өңірлерге шығарып жайып жүрмін. Несін айтамын, жердің биыл көгі қалың. Малымыз тез күйленеді. Әлгі арық тай-жабағың түгі жылтырап, жұп-жұмыр боп семіріп алғаннан кейін, көрерсің өзің, қайыру бермей ақбөкенше ызғыта қашып, сілемізді қатырады әлі. Жеткізбей, діңкемізді құртар талай.

Омар атай кәрі көзі күлімсіреп сөйледі.

– Керегі сол ғой! Әйтпесе жылқы баққанның өгіз баққаннан несі артық?! – деді әкем көңілденіп. – Бойлап асау қашпаса, даланы дүрсілдетіп оны қумасаң, шауып келе жатқаныңда алдыннан аңқылдап жел еспесе, жылқышы боп несі сән?! Өзім осыны қатты сағынып келдім! – еді.

Әкемнің сөзі делебемді қоздырып жіберді.

– Ата, атыңызды бересіз бе? Кішкене ызғытып келейін, – дедім Омар атайға.

– Мақұл. Жығылып калмайсың ба? – деді ол.

– Қорықпаңыз! – деп орнымнан ұшып тұрдым. Омар атай да түрегелді. Ол есік алдында байлаулы тұрған ерттеулі көк аттың шылбырын шешіп, мені ердің үстіне өзі көгеріп мінгізді. Қолыма қамшы берді.

– Ал, ызғыт, – деді.

Бірақ көк ат мені баласынып, менсінбеді ғой деймін, жүргісі келмеді, аяғын ерініп басты. Тебініп едім, құлағын жымитты. Омар атай карап тұр. Мықтылығымды көрсеткім кеп, тізгінді тартыңқырап ұстап, атты бүйірге қамшымен осып қалдым. Қасарысса жағдайы жаман болатынын көк ат та сезді енді, аяғын шапшаң басып жортып кетті. «Әйт шүү!» деп тебіне түсіп, сауырға қамшыны тағы да бір-екі басып жіберіп ем, ат шауып ала жөнелді. «Абайла, құлап қалма!» деп дауыстады Омар атай.

Көк ат көсіліп шауып келеді. Алдымнан аңқылдап жел есті. Бір түрлі рахат жел! Сол жел көтеріп, өзім құсқа ұқсап, ұшып бара жатқан сияқтандым. Осы бетпен ызғыта берер түрім бар еді, «Жә, кейін қайрыл енді!» деген дауыс естілді құлағым.

Бұл дауыстаған – әкем еді.



Мен кейін қарай орағыта бұрылып, киіз үйдің дәл іргесіне дейін ағындап шауып келіп, тізгінді қос қолдап тарта қалып, атымды кілт тоқтаттым. Омар атайға, әкеме, шешеме мақтанып қарадым да, ердің үстінен секіріп түстім.

– Жарайсың, балам! Атқа отырысың ұнады маған. Қоқақтамадың, нық отырдың, – деп сүйсінді Омар атай.

– Е, жылқышының баласы емес пе?! Әкесіне тартқаны да! – деді әкем қуанып.

– Жөн сөз мұның, – деді Омар атай. Сосын маған көзін сәл сығырайта қарап, сауал берді. – Өскенде, өкеннің жолын қуып, жылқышы боласың ба?

– Боламын! Жылқыны жақсы көрем! – дедім мен.

– Бәрекедді! – деді ол разы болып. Әкем тіпті қуанды.

– Жылқышының баласы осылай десе керек-ті! Арманыңа жет, ұлым! – деді.

– Мен танкист те, ұшқыш та болмаймын, әке. Жылқышы боламын! – деп тағы да қайталап, сөзімді нығыздап қойдым.

О кезде менде бұдан бөтен, бұдан зор арман жоқты. Сол күні түнде көпке дейін ұйқым келмей, ояу жаттым. Бір тәтті қиялдар жетеледі. Аспан ашық, ай жарық еді. Киіз үйдің түндігі жартылай тұрулі тұрған. Шаңыраққа қарасам, аспандағы жылтыраған жұлдыздарға көзім түседі. Өзгелерінен гөрі үлкенірек бір жұлдыз ерекше жарқырап, мені тіпті қызықтырады. Жымындап, ымдап шақырғандай болады. Қасына барғым-ақ келеді. Бірақ, қалай жетем? Ол биікте, мен жерде. Шешем айтқан бір ертегі есіме түседі. Баяғыда құстан ұшқыр бір тұлпар бопты. Зеңгір-зеңгір таулардан, айдын шалқар көлдерден бір-ақ ырғып өтеді екен. Биікке қарғығанда бұлттан да әрі асып, құша самғайды екен...

Осының бәрін шын көріп, ұйып тыңдап, қалтқысыз нанатынмын. «Әкем бағып жүрген жылқының ішінде сондай бір тұлпар жоқ деймісің? Бар! Тек, қалай танимын? Ондай тұлпардың қандай белгісі болады екен?» деп ойлап алабұртамын,

Осы мезет кұлағыма жас жылқының алыстан кісінеген даусы естіледі. «Міне, сол! Әлгі тұлпар нақ осы!» деп қуанып басымды жастықтан шапшаң көтеріп аламын. Жылқының даусы шыққан жаққа қарай жүгіре жөнелгім келеді. Әлгі тұлпар тағы бір кісінемес

пе екен деп, алаңдап құлақ түрем. Бірақ енді еш дыбыс естілмейді, маңай тым-тырыс бола қалады. Кигіз үйдің іші де қап-қараңғы тартып кетеді. Денеме ызғар білінеді. Көрпемді қымтанып, қайтадан жата қалам. Шаныраққа қараймын. Үлкен жарық жұлдыз тағы да жымыңдай бастайды. Енді мені әжуа ғып тұрғандай. «Далаға шығуға да қорықтың-ау, балақай», деп күлгендей. «Жоқ, ойлама олай! Осал кісі емеспін мен. Тұлпарымды ұшыртып, қасыңа жетіп барам ертең. Көресің сонда күшімді!» деймін оған тіл қатып. Ол ұққандай боп, көзін қысады.

Сөйтіп, ол, маған, мен оған қарап жатып маужырап ұйықтап кеткен екем. Шырт ұйқыдан жылқының кісінеген дауысы оятты. Көзімді ашып қалсам, киіз үйдің іші жап-жарық. Есіктің саңлауынан күн сәулесі түсіп тұр. Жылқы тағы кісінеді. Үйдің дәл іргесінен естілді даусы. Көрпені үстімнен серпіп жіберіп, орнымнан атып тұрып, далаға жүгіріп шықтым. Есік алдындағы ашада ерттеулі бір құла ат байлаулы тұр. Құйрық-жалы төгілген бір керемет тұлпар! Денесі жұп-жұмыр, құлақтары сүп-сүйір, аяқтары тіп-тік. Маған үлкен көзін алаң еткізіп қарап, оқыранып қалды. «Түндегі кісінеген тұлпар сенбісің?» – дедім тілімді ол түсінеді ғой деп. Құла ат оң құлағын қимылдатты. «Мені іздедің бе?» – дедім. Құла ат сол құлағын қимылдатты. «Аспанға құсша самғап ұша аласың ба?» – едім. Құла ат басын шұлғыды. Қуанып кеттім. Мойнынан барып құшақтай алғым кеп, қасына ұмтыла жақындап ем, құла ат құлағын жымитты, маған қарай жамбасын бұра берді.

– Әй, балам, жуыма оған! Мінезі шөлкес, теуіп жібереді, – деп дауыстады әкем.

Қалт тоқтай қалдым. Әкемді енді ғана байқадым, өзімнің оң жағымда, он қадамдай жерде тұр екен. Менің атқа айтқан жаңағы сөзімнің бәрін естіп тұрса керек, өңі күлімсіреп, оң аяғын ақсай басып жаныма кеп, арқамнан қақты.

– Әй, балам-ай, сенің тіліңе ол ат қайдан түсінсін, – деді.

– Түсінбесе құлағын неге қимылдатты?

– Өзінің дағдысы ғой. Мал біткеннің бәрі де солай құлағын кимылдатады.

– Басын неге шұлғыды?

– Шыбындағаны да.

– Қызық екен өзі!

– Иә, мінезі қызық ат, – деді әкем.

Көзімді құла атқа аударып ем, ол басын бұрып, бізге қарап тұр екен. Екі құлағын алға төсеп, біздің сөзімізді кәдуілгідей тыңдап тұрған сияқтанды.

– Әке, қарашы мынаған! Мүмкін сен білмейтін шығарсың, осы ат бар ғой, бәріне де түсінеді. Шын айтам?

Әкем күлді. Мен де күлдім. Әкем, әрине, менің балалық мінезімді, аңқаулығымды қызық көріп күлген болар. Ал өзім әкем күлген соң күлдім, беталды күлдім. Үлкеннің жүзінен жылы шырай көрінгенде баланың екілене түсетін дағдысы емес пе, бір жағынан сондай жағдайым да боп тұрды.

– Атыңа мінгізіп жіберші, құйындатып келейін!

– Айттым ғой, мінезі шәлкес деп. Бой бермейді саған, жығып кетеді, – деді әкем.

– Жоқ, жығылмаймын. Нанбасаң, қарап тұр!

– Қой, қарағым, әліңді біл.

Әкем рұқсат етпеді, намыстанып қалдым. Аттың басына ие бола алмайсың, жығылып қаласың дегеніне намыстандым. Өзін мықтымын деп дүр санап жүрген баласына сенбегені несі екен?!

Сол күннен бастап есі-дергім құла аттың үстіне бір қонып, батырларша құйғытып, әкеме қайратымды бір көрсету болды.

Сәті түсті бір күні. Әкем құла атты жақсылып ерттеп, есік алдына байлап қойып, өзі үйде таңертеңгі асын ішіп отыр еді. Ағаш табаққа үйемелетіп сұлы салып алдым да, құла аттың қасына бардым. Көзі қызықсын деп, қасақана қарсы алдына кеп, қолыммен сұлыны сапырдым. Әппақ майлы сұлыны көргенде ат қалай шыдап тұра алсын, ұмтылып, ернін қимылдатып, табаққа мойнын созып жіберді. Мен де аузына тоса бердім. Әуелі қарбытып бір асатып, дәмін алдырдым да, сосын дереу, қолымдағы табақты алдына қоя қойдым. Құла ат сұлыға көмді тұмсықты, менде шаруасы болған жоқ. Сол сәтті пайдаланып, шылбырын тез шешіп, тізгінін қолыма ұстадым да, үзенгіге тырмысып аяғымды сап, ердің үстіне оп-оңай шығып алдым.

Ал енді қараса екен әкем, қайратымды көрсетейін оған! Тізгінді жұлқып тартып қалдым, бірақ, құла ат басын табактан көтермеді. Қос қолдап шірене тарттым тізгінді, аттың мойны сіресіп қалған сияқтанды. Әйтшулеп тебініп едім, елең қылмады. Сосын ұзын қыл

шылбырдың қолымдағы артық жағымен бауырына тартып кеп жібердім. Құла ат артын көтеріп мөңкіп қалды. Жерге ұшып түстім. Аттың мойнынан асып, дәл алдына құладым. Бір қатты нәрсе шекеме сарт етіп тиді. Сірә, ағаш табақтың жиегі ғой деймін.

Әкем де осы мезетте есіктен шыға берген екен:

– Бұл аттың маңына жолама дегенім кайда саған. Әй, балам-ай! – деп кейіген даусы естілді.

Қап, ұят болды-ау, құлағанымды әкемнің көргені! Орнымнан шапшаң ұшып түрегеле беріп: «Түк те етпей-ді, еш жерім де ауырған жоқ!» – дедім сыр бермегенсіп.

Әкем қасыма тақау кеп, бетіме үңілді де: «Әй, шырағым-ай, – деп басын шайқады, – Қарашы, шекеңді жарып ала жаздағаныңды...»

Дызылдап тұрған он жақ шекемді ақырын ғана сипап байқап едім, саусағыма шодырайған бірдеңе білінді.

– Бар, суық суға малып орамал бас, ісігін қайтарады, – деді әкем.

Есікке қарата бұрыла беріп, құла атқа көзімді аударып ем, сол мезетте ол да басын көтеріп, маған бір қарады. Құлағын қайшылады, мені мазақтағандай болды. «Асықпа бәлем! Сауырыңды қамшымен тілгілермін!» – дедім тістеніп.

Пәлі, атқа өшіккенім неткенім?! Оның жазығы не? Тып-тыныш тұрған аттың мазасын алған, қытығына тиген өзім емес пе? Кінәні өзімнен неге көрмеймін?

Жоқ, өзімді жазғырмадым. Әрі атқа өшіктім, әрі намыс қысты. Аттан да өшімді алуым керек, әкеме де қайратымды көрсетуім керек; екеуі де мені осал деп ойламасын.

Келесі күні, әкемнің үйде шай ішіп отырған кезін пайдаланып, есік алдында ерттеулі тұрған құла аттың қасына тағы да жақындадым. Бірақ, шылбырынан ұстауға батылым барынқырамай, тайсалақтаңқырап тұр едім, осы кезде біздің үйге қарай аяндап келе жатқан Омар атайды көзім шалды. Қуанып, алдынан жүгіріп шықтым.

– Ата, құла аттың басын ұстап тұрып, мені үстіне мінгізіп жіберіңізші, – дедім өтініп.

Омар атай тамаша адам ғой, айтқанымды екі еткен жоқ, мені атқа мінгіздіріп жіберді де, тізгінді қолыма ұстаты. Үзенгіге аяғым жететіндей етіп, таралғыны



қысқартып берді. (Кеше менің аттан жығылып, шекемді ісіріп алғанымды ол кісі көрмеген. Әйтпесе рұқсат етпейтін еді).

– Ал, құла ат, бағын ырқыма!

Тізгінді тартыңқырап, тебініп едім, ат құлағын жымитты.

– Ә, бағынғың, қелмей ме маған?!

Қамшымен бүйіріне тартып қалдым. Құла ат дәл кешегі әдісін жасап, артқы аяғын тебініп, мөңкіп қалды. Мені басынан асырып ытқытып жібергісі келді.

Бірақ, бұл жолы оның ойы болмады. Ердің алдыңғы қасынан жабысып ұстап ап, жығылмадым. Және құла атты бүйірге қамшымен нығыздап тұрып тағы да бір тарттым. Енді ол шауып ала жөнелді. Бірақ менің ырқыма көніп түзу жөнелмеді, тізгінін тартқан жағыма бұрылмай, бой бермей, әрі мөңкіп шауып келе жатты.

Ат осылай асаусыған кездегі ең жақсы ем – оған қамшыны баса беру. (Асау үйретушілердің осы әдісін талай көргенім бар). Мен де сөйттім, құла атқа қамшыны бастым келіп. Жарау емес, тоқ жүрген ат, әрі беріден кейін екпіні бәсеңсіп, еңтігіп қалды. Енді әуелгі ала жөнелген бетіндегідей емес, еркіме көне бастады. Басын кейін қарай бұрдым.

Сол кезде ғана байқадым, кигіз үйдің жанынан едәуір ұзап кетіппін. Есік алдында әкем, шешем, Омар атай – үшеуі менің соңымнан қарап тұр екен. Мақтанып, еліріп, астымдағы атқа тағы да бастым қамшыны. Дәл қастарына дейін екпіндеп шауып кеп, кигіз үйге тіреліп бір-ақ тоқтадым. Сосын тізгінді сіресе тартып, аттың басын кекшитіп, әкеме мақтана қарадым. Ол сәл жымыды. Бірақ мені мақтаған жоқ, «Атты бұлай бет алды шапқылатып қинауға болмайды, балам», – деп ескерту жасады.

– Өзі кінәлі. Маған бағынғысы келмей, мөңкіп, шауып ала жөнелген өзі, – деп, мен құла атты жазғырдым.

– Енді бағынды ма? Ырқыңа әбден көнді ме? – деді, Омар атай күліп.,

– Көнгенде қандай! Қорыққанынан көнді!

– Ә, жарайсың, балам! Айбының бар екен. Жылқы малы айбыны бар адамға ғана бағынады, – деді Омар атай.

– Мен жылқышының баласымын ғой. Әкем секілді жылқышы болу – арманым! – Әкеме тағы да бір мақ-

тана қарап қойдым. Ол да маған қуанып қарады. Жан күйін ішімнен ұқтым: сүйсініп тұр, разы боп тұр маған.

Бірақ ештеме деп сөз қатқан жоқ. Мақтау айтқан жоқ.

Әкемнің бір мінезі – ол мені ешуақытта көзімше мақтамайтын. Бірақ ісіне сүйсінгені яки сүйсінбегені, қылығынды ұнатқаны яки ұнатпағаны ажарынан, көз қарасынан білінетін. Сондықтан кескініне барлап қана қарайтынмын да, өңі жылы ұшырап тұрса – разы болғаны, ал, томсарып тұрса – разы болмағаны деп ұға қоятынмын.

Бірақ сол екі түрлі күйдің терең сыры бар екен-ау. Баланың қылығына қуанғанда ата-ананың көңілінде үміттің артатынын, кейігенде кемитінін ол кезде мен қайдан білейін. Әкемнің өңінен жылы шырай көрінсе, көтеріліп, екілене түсетінмін де, ажары жабырқау тартып тұрса, екпінім басылып, бәсеңсіп қалатынмын. Енді бақсам, сонда мен оның бетіндегі сыртқы құбылысты ғана көреді екем, жаң дүниесіндегі толғанысты ұға алмайды екем.

О, қадырлы оқушым, балалық шағыңды есіңе түсірші! Со кезінде еш қылығың теріс көрінетін бе еді өзіңе?! Бәрі де жөн, бәрі де дұп-дұрыс боп тұрмайтын ба еді! Теріс бір қылығыңды ұнатпай үлкендер қабақ түйсе, оларды жақтырмай қалатынбыз. Тек арқамнан қақсын деп тілеп тұрушы ек.

Енді, міне, ержеткен шағыңда, сол кылықтарын еске түсіп күлесің. Балалық мінезіңді қызық көріп күлесің. Бірақ, қиналатын да, өкінетін де жайын, болады екен. Бала кезімде үлкенді кейітіп ренжіткен кейбір оғаш ісім еске түскенде, өз басымнан осындай күй кешіп қаламын.

О, достым, әсіресе ата-анаңды ренжітпе! Ата-анаңды ренжіткен бір қылығың болса, жаныңды өмір бойы қинайды ол. Дәл солай қинағаны керек те! Терістік еттің – жаза тарт!

Мен де тарттым сол жазаны. Ата-анаңды (әсіресе әкемді) катты бір ренжіткенім есіме түскенде өте қиналып қаламын. Өз қатемді соңынан түсініп, кейін түзеп едім бәрін де. Мұны әкем көре алмады, кешігіп қалдым, сондықтан да өкінішім көп...

Әкем қазір жоқ, қайтыс болған. Соғыстан болған жарақатынын зардабынан науқастанып, төрт ай төсек тартып жатып, ақыры дерті айықпай, елу сегіз жасын-

да дүние салды. Оған да, міне, үш жыл боп қалды. Сағынамын әкемді. Ұл ержеткенде, есейгенін білдіріп, әкесімен сырласуды тілейді екен. «Асыл әке! Жүрегімде тұнып тұрған сыр да көп, мұң да мол. Ағытайын өзіңе, айтшы ақылыңды, жөн нұсқашы!» деп, ойша ғана тілдесемін. Сол шақта оның бар келбеті көз алдыма елестейді, үні де құлағымға келгендей болады.

– Өмір, – үлкен мектеп. Бәріне де өзі үйретеді. Сен тек тағылымын ұға біл. Сонда адаспайсың, балам!

Әкемнің сөзі еді. Аурудан әлсіреп, әл үстінде жатып, сонда да өзінен бұрын маған қам жеп, менің келешегімді ойлап айтқаны болатын. Аяқ жағында үнсіз отырып, боп-боз жүдеу кескініне аянышпен қарағанымда, ол екі бетінің ұшына болмашы ғана кан жүгіріп күлімсіреді.

– Құла аттан құлағаның есінде ме?

– Есімде... – Мен де күлімсіредім.

– Сонда жығылғаныңды кімнен көріп едің?

– Атты жазғырғам.

– Соның дұрыс па еді?

– Дұрыс емес секілді...

– Солай ма?.. Ал, бұдан нендей қортынды шығарың?

– Өзімше түйгенім бар.

Әкем менің бетіме барлағандай қарады да:

– Міне, өмірдің заңы осылай, балам. Жасаған қателігің болса, түбінде оны өзіңе бір ұқтырады, өкінтеді, – деді.

Оның әлгі бір сауалдарды не үшін бергенін, нені меңзеп айтқанын енді аңғардым. Осыдан дәл бір жыл бұрын, басқа бір мамандыққа қызығып, әкемнің қасында жылқы бағып жүрген жерімнен кетіп қалған едім. Он жетіге толған кезім болатын, жап-жақсы жылқышы атанып, мақтауға да ілігіп жүргенмін. Ата жолын қуып жылқышы болғанымға, әрі тәуір атаққа іліккеніме әкем де қуанышты еді. Осы қуаныштың шырқын бұзып, жылқыға қолды бір-ақ сілтеп, бір күні кете барғам.

Мұның өзі тіпті ойламаған жерден болған. Шілденің кезі еді, жайлауға Оразымбет деген құрдасым машинамен ызғытып келе қалды. Келе сала-ақ мені дөңгелете жөнелді. «Әй, Хасен-ай, – деді, – мынадай айдалада ішің қалай пыспайды? Электрі жоқ, киносы жоқ, ырду-дырду ойыны жоқ, не қызық бар осында?»

Күндіз-түні мал соңынан салпақтап. Таста әрмән! Мал бағу – шалдардың ісі. Сен секілді, мен секілді жас жігіттің құрық сүйретіп, мал соңынан тепеңдеп жүргені келіспейді. Мына маған ұқсап, техниканың тізгінін ұста! Мен саған әдейі келдім, – деді, – шоферлар курсына тағы да адам жібергелі жатыр. Бірнеше жігіт баратын болды. Солардың бірі боп сен де тарт. Небары үш-ақ ай. Сосын мына мен құсап, жер апшысын қуырып, ызғытасың да жүресің. Жаның рахаттанады!»

Оның бұл ұсынысы әлбетте маған оқыс көрінді. Бұрын басыма келмеген ой болатын. Оразымбет қызықтыра-қызықтыра сөйлеп, еліктіре берді. Ақыры, қалай көнгенімді білмей қалдым.

Бірақ, шоферлар курсына барамын дегенімді ата-анам құп алмады. Шешем бірден қарсы шықты, шоферлықты жамандап, қауіп-қатерін молайтып, үрей туғыза сөйледі. Әкем оны қостап отырды. Жел күшейсе, өрттің үдей түсетіні секілді, олар қарсы болған сайын менің шоферлыққа іңкәрім арта берді. Қайта-қайта, қоймай-қоймай рұқсат сұрадым. Тіпті ашуым келді.

– Барамын курсқа! Қарсы болсаңдар да барамын! – дедім.

– Аптықпа, балам. Ойланып сөйле, – деді әкем.

– Ойлағаным сол: барамын, енді бақпаймын жылқыны!

Әкем бұл сөзімді көңіліне ауыр алып қабағын шытынды. Енді маған ештеме демеді. Тым-тырыс боп үндемей қалды. Ал өзіме өз сөзім жөн көрінді, Оразымбетпен бірге кетуге ыңғайландым.

– Ал, енді жүремін...

Әкем үндемеді.

– Е, өз бетіңмен шешіп-пішіп, есейгеніңді көрсеткің келген екен бізге. Өстім, болдым, ендігі ақылдарың керек емес дегенің ғой бұл. Бар, жөнеле бер ендеше, – деді шешем кейіп.

Расында да есейгенімді білсін дедім, жетелеусіз жүре алмайтын бұрынғы жас бала кезім емес, алды-артымды абайлайтындай, өз жөнімді өзім айыратындай жасыма жеттім ғой. Осы оймен өз шешімімді дұрыс деп таптым да, әке-шешемнің томсарып қалғанын ішімнен мақұл көрмей, жөнеліп кеттім...

Міне, сонда өзіме жөн көрінген сол қылығым кейін маған ауыр өкініш әкелді. Әр нәрсенің бір себебі бар.

Әкемнің науқастанып, төсек тартып жатып қалуына, ескі жарасының ушығып, дертінің асқынуына менің сондағы қылығым – жылқыға әкемді жалғыз қалдырып кеткенім себепші болды ғой деп, ылғи ойлап өкінем.

Мен жылқыдан кетіп қалған күннің ертеңінде, түнде, қатты дауыл тұрып, найзағайын шатырлатып, ұйтқып нәсер құйып, күн райы жаман бұзылып еді. Дауыл көп үйдің терезесін сындырып, шатырларын аударып кеткен. Ортасынан омырылып, түбінен қопарылып, биік ағаштар құлаған. Сол алай-дүлейде, қап-қараңғы түнде, қатты шошып үріккен көп жылқы әкеме ырық бермейді. Шыңғырып, шұрқырап шошыған жылқыны тоқтатамын деп, әкем айқайлап ақырып, алдынан шыға берсе керек. Сонда оны үріккен жылқы қағып кетеді. Әкемнің оң жақ тізесінен біреу шойын балғамен соғып жібергендей боп, көзінің алды жарқ ете түседі. Астындағы атынан аударылып құлап бара жатқанын байқайды. Одан әрі не болғанын білмейді, есінен танып қалады.

Бір уақытта көзін ашады. Таң ағарып атып қапты. Дауыл басылған, жаңбыр тынған, күн айыққан. Бірақ, жылқы дыбысы білінбейді. Әкем орнынан атып тұрады, бірақ, протез салған кем аяғы қатты шаншып кетіп, екі қолымен жер тіреп отыра қалады. Тістеніп, бар салмағын сау аяғына түсіріп, қайтадан көтеріледі. Бойын жазады. Атын іздеп жан-жағына қаранады. Мінген аты да жоқ, жылқы да жоқ, жым-жылас. Көз жетер жерден еш кара көрінбейді. Алдыңғы бетте аласалау жалаңаш төбе жатыр. Жылқыны соған шығып қарамақ боп, әкем осы төбеге қарай қозғалады. Кемтар аяғы қан қақсап ауырса да шыдап, төбе басына жанын қинап көтеріледі. Мұнда тұрып қарағанда да, көзіне жылқысын түсіре алмайды. Сосын амалы құрып, және енді жүруге халі болмаған соң, көзіме біреу-міреу ұшырар деген үмітпен, төбе басында отырады. Ұзақ отырады. Әйтеуір бір мезгілде, күн түстен ауған шамада, киядан бір салт атты көрінеді. Ол да мұны көзі шалып, бұған қарай бұрылады.

Ол – шешем Рәбиға еді. Түндегі дауылдың сынайынан шошып, көңіліне күдік кіріп, әкемді іздеп шыққан екен. Жылқының ыққанын бірден сезеді де, ауған бағытын көңілімен жобалап алып, бөгелер жері осы болар деп, теріскейдегі қалың жыныс ағашты бетке ұстап

тартады. Жобасы тура келеді. Жылқыны сол ағаштың ішінен табады. Қарасы түгел секілді көрінеді. Бірақ көзіне әкем түспейді. Әкемнің мініп кеткен аты, арқасындағы ертоқымымен жылқының ішінде бос жүр, басында жүгені жоқ. Шешем алабұртып, дыбыс беріп дауыстап, желе-шоқытып, жақын маңайды тез шарлап шолып шығады. Жоқ. Сосын жылқының ізін қуалап іздеп жөнеледі...

Шешем қасына кеп атынан түсе бергенде әкемнің алдымен сұрағаны – малының амандығы болады.

– Жылқы аман ба? Түгел ме?

– Жылқы қайтушы еді, өзің аманбысың?!

– Мен аманмын. Тек мынау кем аяғым біраз корлық көрсетті.

– Япырай, дертін асқындырып алмасаң жарар еді...

Шешемнің күдігі бекер болмады. Әкемнің сондағы ұшыраған бейнетінің салдарынан, аяғының оқтан болған ескі жарасы ушығып, бүкіл бір жақ саны қабарып іседі. Басылар, айығар деген үмітпен, дәрігер шақыртпай, не оған өзі барып қаралмай, жайлаудағы киіз үйде бір жетідей жатады. Бірақ дерттің үдеп бара жатқанын байқаған соң, көңілі секем алып, тікелей аудандағы аурухананың хирургіне келіп көрінеді. Хирург ауруханаға оны дереу жатқызады. Мен бұл кезде облыс орталығында, шоферлар даярлайтын курстың оқуына кірісіп кеткен болатынмын. Әкемнің науқастанып, ауруханаға түсіп калған хабарын естісімен жедел ауданға жеттім.

Ол жанына батып жатқан сырқатының азабын маған, сездірмеді, өңі шырайланып сөйледі.

– Оқуың қалай?

– Жақсы.

– Рұқсатсыз кетіп калған жоқпысың?

– Екі күнге рұқсат берді.

– Қалып қойма сабағыңнан. Қазір халім жақсы, енді аз күнде құлантаза айығып шығамын.

– Жылқыға қайтадан барасың ба?

– Барғанда қандай!..

Бірақ әкем жылқыға қайта орала алмады. Науқасы айықпай, денсаулығы күннен-күнге кеми берді, кеми берді...

Әкемнің сол ауырып жатқан шағы есіме түскенде бір сұраулар қамалайды мені. «Мүгедек кісіні жылқыға жалғыз тастап неге ғана кетіп қалдың сен? Ал,



шын кеткің келген екен, рұқсат алмаймысың, орнына біреудің келуін күтпеймісің? Сұрапыл дауыл соққан түні даладағы әкеңнің халін ойлап, қасына неге дереу жетпедің? Сол аласапыран түнде жаныңда сен болсаң, жылқыны ықтырар ма едіңдер? Әкең солай қағылып құлап, бейнетке ұшырар ма еді?.. Әй, Хасен-ай, бәрі де сенің қырсығың емес пе?..»

Осылай деп жан-дүниемде біреу дыбыстап тұрғандай болады да, қатты қиналып каламын...

«Сен жылқыдан кетіп қалғанда әкеңнің қалай күйзелгенін білемісің?» деп те сұрайды сол дыбыс. Тағы да жазғыра бастайды: «Әкене ылғи: – Өзің секілді жылқышы боламын, – демейтін бе ең? Әкеңнің де тілеуі, арманы сол еді ғой. Оның осы арман-тілегін үзіп кеттің. Әкең әсіресе соған қатты күйзелген. Жақсы әкеңнің жолын оған тартқан ұл қуса, қандай ғанибет. Ей, Хасен, ойла осыны! Машинанды біреуге бер дағы, өзің анау ауырып жатқан әкеңнің орнына бар, жылқы бақ! Әкең көріп қуансын!»

Бірақ, мен баранканы жаңа ұстаған жас шофермін, машинаның қызығы да басылмаған, бейнетін де көргенім жоқ, сондықтан бұл сөздерге онша еліге қоймадым. «Әкем айығады, өз орнына қайта барады» деген сенімім және болды.

Енді міне, бәріне де өкінемін. Кешігіп қалғаным өкінемін. Әке, ата дәстүрін жалғастыру үшін, олар ұстаған құрықты қолына ұстап, жылқыға қайта оралып келгенімді әкем көре алмады. Ол шексіз қуанатын еді...

Құрметті дос, бүгінде менің ойым қалың, қат-қабат. Сондықтан сөзімнен мұң да сезілер, бірақ, жай-күйімді ұққан сон жазғырмассың. Адам үнемі қуанып қана жүре ме, кейде көңілі жүдеп, жабырқайтын кездері де болмай ма? Әсіресе сондай шақта ой дегенің қалыңдап, ауырлап алады.

Әрине, дені сау, саламаттығы түзу адам уайымға бой алдырмайды. Күнделікті атқарып жүрген қызметінің жағдайы, іс-әрекет тынысы оның ойын бөледі, көңілін сергітеді. Менің мұндай күйім жоқ қазір. Міне, екі жылдан асып барады, кемтармын, мешел бала секілдімін, жүре алмаймын. Үйіміздің шатырын жөндеп жатқанымда алғым тайып кетіп, биіктен оқыс құлап, мерттіктім. Жоғарыдан құлап түскенімде арқама біреу біз сұғып алғандай болып еді, жерде жат-

қан бір тақтайдың сойдиган шегесі екі омыртқаның ас-тасқан жігіне тиген екен сонда. Шегенің үшкір ұшы жұлынға зақым келтіріпті. Аяқтың басуға келмей жатқаны – осының зардабы...

О, бірақ, тәнді ауыртқан бұл бейнет жан азабына қарағанда түк те емес екен. Жүрегіме түскен бір дертім бар. Жанымды сол қаттырақ қинайды. Көңілімді қамықтырып жүдеткен әр себепті сол қозғап шығарып жатыр...

## ХАСЕННІҢ ЕКІНШІ ДӘПТЕРІ

«Өл енді мүгедек боп қалды. Аяймын бишараны. Қолымнан келер басқа жәрдемім жоқ. Бұрын сүйсем, енді күдер үзіп, алыстап барамын. Мені жазғырмасын, өз тағдырына налысың», – депті.

Мен оны жалындап сүйіп едім...

«Ендігі тіршілігі өксікпен өтетін мүгедек адамға жас өмірімді қалай қосақтайын? Әуелі жыладым. Сосын жұбандым, өз келешегімді ойладым», – депті.

Ауырып жатқан маған сонғы рет бір келгенінде өңі өзгеше бозарып, бетіме де тіктеп қарай алмай, әлденеден именгендей боп, көзін көзімнен тайдырып әкете беріп еді. Жан дүниесінде бір өзгеріс болғанын жүрегім сезді, бірақ, басыма жат ой келмеді.

«Кешірім сұрамақшы едім, әзірлеп барған сөзімнің бірін де айта алмадым. Хат жазайын деп бірнеше отырып ем, қолым жүрмеді. Бәрін де кешірсін Хасен», – депті.

Досым Оразымбетке айтыпты. «Кемтар боп жатыр ғой, оқыс сөзбен жанына бірден жара салмай, ептеп-ептеп қана жеткізерсің», – деп өтініпті.

Манадан қиналып отырған Оразымбеттің ашуы осы тұста бүрқ етіп жарылады.

– Сен аямай-ақ қой Хасенді! Керегі жоқ ендігі сөзіңнің. Сөзін түгіл өзіңнің де құның бір-ақ тиын екенін жаңа білдім! – дейді де, жерге бір түкіріп жүріп кетеді.

Біздің үйге ол өңі сұстанып, ашулы кірді. Үйде өзімнен басқа ешкім жоқ еді, мені бірден кінәлай жөнелді.

– Өзің адам танымайды екенсің ғой. Аспандағы айым, күнім деп табынып жүрген ғашығың қуыс қурай